

« №136 жалпы орта білім беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны

Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш арысы (Әдеби қойылым)



Сыныптар: 5-7

Орындаушылар: Сейілова М
Исакова М
Шлязова А

Мақсаты: 1. Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру.

2. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу

3. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту

Тәрбие сағатының өту барысы:

Жүргізуші: -Бүгінгі тәрбие сағатымыз Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолына арналады.

Ахмет Байтұрсынұлы. Осы бір есім елге таныс болғалы «Мен-қазақпын» деген азаматтың бір селт етпейтіні жоқ та шығар.

Жүргізуші: Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының тіл білімінің атасы, реформаторы атанды, қазақ тілінің төл дыбыстарын төл заңдылығының басын ашып берді. 20 ғасырдың басында қазақтың Алтай тілінен келе жатқан біздің ата-бабаларымыздың құран таңбаларымен жазылған қазақ тіліне құқықтық негіз жасап берді.

Жүргізуші: Ахмет Байтұрсынов «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады»- деп өз ана тілімізді құрметтеуге, қадірлеуге, ұлттық санамызды, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға шақырады.

Жүргізуші: Сонау қылышынан қан тамған қаһарлы жылдары жазықсыз мындаған адамдар «Халық жауы» деген жаламен айыпталып, жер аударылып кетті. Адам өмірінде болатын аумалы-төкпелі уақыт қайғысымен де, қуанышымен де ерекше айқындалатын болса керек. А.Байтұрсынұлы тағдыр толқындарынан, қайғы-қасірет сілкіністерден, тар жол тайғақ кешулерден өткен еді. Репрессия құрбаны болған А. Байтұрсынұлының тағдырынан сахналық көрініске кезек берейік.

КӨРІНІС

Орынбор қаласы. 1915 жыл. «Қазақ» газетінің редакциясы. Үстел басында Ахмет, қатарында Әлихан мен Міржақып отырғанда, ішке «Айқап» журналының редакторы Мұхамеджан Сералин кіреді. Ахмет орнынан тұрып, қарсы жүреді.

Ахмет. Ассалаумағалейкум, төл құрдас!

Мұхамеджан. Уағалейкумассалам, жан құрдас! (Екеуі қарқылдай күлісіп, құшақтасып амандасады) Жер шалғай болса да, мына құрдасым күндіз ойымнан, көз алдымнан кетсейші. Ал түн баласы болды мына Ахметтің ұйқыдағы қазаққа тыншу бермейтін сары масасы шағып, мазамды ала берген соң, қой, болмас деп, Орынборға тартып кеттім. (Қалжың, әзілге толы үнмен барлығы қарқылдай күліседі. Ол Әлихан, Міржақыптармен де қошуақ көңілмен құшақтасып амандасады).

Ахмет. Қалай, Троицкідегі ағайын-туыстар аманшылықта болар?

Мұхамеджан. Шүкіршілік, Ахмет!

Әлихан. Бақытжан Қаратаев мырза қалай? Хабарласып тұра ма?

Мұхамеджан. Хабарласқанда қандай? Сол ағамыздың өткір, өзекті мақалалары, жазғандары біздің «Айқаптың» ажарын ашып тұр емес пе?! Осы жаққа шығар алдында хабарласқан. Барлықтарыңа дұғай сәлем айтып жатыр.

Ахмет. Саламат болсын. Ал іске көшейік. Мұхамеджан, өткендегі мәселе төңірегінде біз өз пікірімізді «Қазақ» газетінде жарияладық. Танысқан боларсың.

Мұхамеджан. Иә, иә, оқып таныстым.

Әлихан. Иә, Мұхамеджан, сендердің Ресей құрамындағы бүкіл түркі жұрты, барлық мұсылман қауымы бір тудың астына бірігуі керек деген идеяларыңды толық қабылдай алмай отырмыз.

Мұхамеджан. *(таңданып)* Қалайша?

Міржақып. *(қызуланып)* Солайша. Әсіресе сол тудың астына біріккендердің ортақ тілі татар тілі болуы керек дегендеріңіз мүлдем ақылға сыймайды ғой.

Ахмет. Міржақыптың қызуланатындай жөні бар. Сол татар тілін пір тұтсақ, не болатынын көз алдыңа елестетші. Татарда не көп, газет көп, журнал көп. Кітаптары да баршылық. Ал қазағымыздың тілі ше? Ол қай тілден кем. Радлов деген орыс ғалымы түркітілдес халықтардың ішіндегі ең бай, ең орамды, ең көркем қазақ тілі деген сөзін қайда қоямыз.

Міржақып. Тура сіздер айтқан жолмен жүрсек, қазақ тілі татар тіліне жұтылып кететінін ойладыңыздар ма?! Онсыз да Қазаннан оқу бітіріп келген молдаларымыз шәкірттердің миын улап, тілін бүлдіріп жатқан жоқ па?!

Ахмет. Осы ретте айтар ең басты мәселе, тіліміз тек қазақ тілі болуы керек. Ал тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатындығын естен еш шығаруға болмайды, Мұхамеджан.

Мұхамеджан. Бұл ойды мен ғана емес, Әлихан ағайдың құрмет тұтар азаматтары Бақытжан Қаратаев та, Жанша Сейдалиев де қолдап отырғанын қаперге алу керек емес пе?!

Әлихан. *(сабырлы, салмақпен)* Дұрыс, Мұхамеджан. Айтары жоқ, екеуі де шын құрмет тұтар азаматтарым. Әсіресе Бақытжан ағаның мемлекеттік Дума депутаты болып жүргенде қазағымыз үшін еткен еңбегі қай азаматқа болса да үлгі. Десек те, қазақты отырықшылыққа бейімдеу дұрыс болғанмен, сол егінді егу үшін алдымен құрал-сайманы, техникасы болуы керек қой. Ол бізде мүлде жоқ қой. Сондықтан белгілі кезеңге дейін қазақтың ата кәсібінен асығыс ажырату күтпеген қатерге соқтыратындығын қаперге алу керек емес пе?! Ал саяси мәселеге келсек, біз Ресеймен иықтас қазақтың жеке автономиясын құруды жөн санаймыз.

Әлихан. *(сыпайы)* Десек те, бұл тұрғыда пікір алшақтығымыз болса да, халықты білімге, оқуға шақыру жолындағы бейнетіміз, тірлігіміз оңынан оралса, ол да үлкен олжа емес пе, Мұхамеджан. *(орнынан тұрып, ойланып отырып қалған Мұхамеджанның қолын алады).*

Міржақып. *(жадырап)* Құрметті ағалар, ер шекіспей, бекіспес деген. Құрметті Мұқа, ат шалдырып, алыстан келдіңіз, осы төрт көзіміз түгел отырғанда, біздің үйден, Ғайнижамал келіндеріңіздің дастарқанынан дәм татыңыздар. Тартысты пікірлеріміздің түйінін сонда тарқатайық. *(Бәрі шығып кетеді).*

Жүргізуші: «Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қылатын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей білсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы». Әрине Ахмет тағылымын бір сәтте білу мүмкін емес. Оны жылдар бойы тануымыз керек. А. Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі тартқан қорлық, көрген азабы болашаққа сенген үміт арманы туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етуге арналған.

Ақын өлеңдері оқылады

Жүргізуші: А. Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы қазақ әліпбиіне, әдебиетіне салған үлестері келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. Ахмет рухына тағзым ете отырып, бүгінгі іс-шарамызды тәмамдаймыз.

